

Келісемін
Әдістемелік кеңес отырысында
ӘК төрайымы
Анапиянова М.М. _____
2019 жылғы 2 қыркүйектегі № 1 хаттама

Бекітемін
«Теренкөл ауданының аграрлық -
техникалық колледжі» КМҚК басшысы
Габидулин Р.М. _____
« _____ » _____ 2019 ж.



ЖАС ПЕДАГОГ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» (2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III) Заңына сәйкес, оқу-әдістемелік жұмысын ұйымдастыру және жүзеге асыру ережесіне сәйкес (ҚР БҒМ 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 бұйрық) әзірленген.

1.2 Жас педагог мектебі колледж әдістемелік қызметінің құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

1.3 Жас педагог мектебінің қызметі бастауыш педагог пен өндірістік оқыту шеберінің кәсіби шеберлік сапасын арттыруға бағытталған.

1.4 Жас педагог мектебі жаңа бастаған педагогикалық қызметкерлер мен олардың тәлімгерлерінің бірлестігі болып табылады.

2. Мақсаттары мен міндеттері

- оқытушыларға, өндірістік оқыту шеберлерге теориялық білімдерін жетілдіру және педагогикалық шеберлігін арттыру мәселелері бойынша әдістемелік және практикалық көмек көрсету;

- бастаушы оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің үздіксіз өзін-өзі жетілдірудегі қажеттіліктерін қалыптастыру;

- студенттерді оқыту мен тәрбиелеудің жаңа түрлерін, әдістерін және тәсілдерін меңгеру;

- нормативтік-құқықтық құжаттамасымен танысу;

- шығармашылық қызметтің жеке стилін қалыптастыру.

3. Құқығы мен міндеттері

3.1 Жас педагог мектебінің мүшелелері құқылы:

- жұмыс тәжірибесін, сабақ жүргізу әдістемесін зерттеу және олармен танысу мақсатында әріптестерінің сабақтарына қатысу;

- Әдіскерден, оқытушы-тәлімгерлерден, циклдік әдістемелік комиссия төрағаларынан консультация (кеңес) алу;

- өзіне ыңғайлы жолымен біліктілігін арттыру;

- колледж әкімшілігінің қарауына тәлімгерлікпен байланысты жұмысты жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

- педагогикалық қызметпен байланысты мәселелер бойынша басқа оқу ұйымдарына бару;

3.2 Жас педагог мектебінің мүшелері міндетті:

- ҚР «Білім туралы» Заңын, оның қызметін анықтайтын нормативтік актілерін, құрылымын, штаттарын колледж қызметінің ерекшеліктерін және атқарып отырған лауазымдары бойынша функционалдық міндеттерін білу;

- мектептің барлық сабақтарына қатысу;
- педагогикалық кеңес және ЦӘК отырыстары;
- жұмыс тәжірибесін, сабақ оқыту әдістемесін зерделеу мақсатында басқа оқытушылардың, өндірістік оқыту шеберлерінің ашық сабақтарына және сыныптан тыс іс-шараларына қатысу.

- үнемі кәсіби шеберлігін арттыру.

- тәлімгерден озық әдістері мен жұмыс түрлері үйренуге, олармен дұрыс өз қарым-қатынас құру;

- өз жалпы білім беру және мәдени деңгейін жетілдіру.

4. Мектеп құрамы

4.1 Жас педагог мектебінің қызметіне басшылықты оқу – өндірістік ісі жөніндегі басшының орынбасары жүзеге асырады.

4.2 Мектеп отырыстарын дайындауды және өткізу бойынша қызметін ұйымдастыруды әдіскер жүзеге асырады.

4.3 Жас педагог мектебінің құрамына кіреді:

- колледжде алғашқы үш жыл жұмыс істейтін жас оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері;
- білім беру мекемелерінде педагогикалық қызметі бойынша еңбек өтілі жоқ мамандар;
- педагогикалық қызметте , жұмыс тәжірибесі жоқ жас мамандар.

4.4 Жас педагог мектебінің әрбір мүшесіне келісім бойынша тәлімгер бекітіледі.

5. Жұмысты ұйымдастыру

5.1 Жас педагог мектебі өз отырысын айына 1 рет өткізеді.

5.2 Жас педагог мектебі ағымдағы оқу жылына келесі құжаттарды жүргізеді:

- жұмыс жоспары;

- жас педагог мектебінің қызметін көрсететін отырыстарының хаттамалары